

**"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 28 шілдедегі N 209-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 16 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажетті нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2005 жылғы 28 шілдедегі  
N 209 - ө өкімімен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажетті нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

N р/р	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің нысаны	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты мемлекеттік орган
1	2	3	4	5
	"Әскери қызметшілерге, Ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы және мемлекеттік өртке			

1	<p>қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуді жүзеге асыру жөніндегі н ұ с қ а у - лықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1999 жылғы 19 наурыздағы N 44-ө бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы</p>	Еңбекминінің бұйрығы	2005 жылғы тамыз	Еңбекмині, ІІМ, Қорғанысмині, Әділетмині
2	<p>"Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесін және Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы қазан	Еңбекмині, ҚҚА (келісім бойынша)
3	<p>"Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 127 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	ҚҚА басқармасының қаулысы	2005 жылғы қараша	ҚҚА
4	<p>Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың дерекқорын, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру ережесін және Электронды құжат айналымын пайдалана отырып, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы салымшылармен жасасқан шарттар туралы Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа мәліметтер ұсыну ережесін бекіту туралы</p>	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы желтоқсан	Еңбекмині, ҚҚА (келісім бойынша)
5	<p>"Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы желтоқсан	Еңбекмині, ҚҚА (келісім бойынша)
6	<p>"Жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорларынан аудару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы</p>		2005 жылғы	ҚҚА

	ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 146 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҚҚА бас-қармасының қаулысы	желтоқсан	
7	"Жинақтаушы зейнетақы қорларын еріксіз тарату, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына беруді жүзеге асыру және ерікті немесе еріксіз таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлар комитетін қалыптастыру және қызметінің ерекшеліктері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 69 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҚҚА бас-қармасының қаулысы	2005 жылғы желтоқсан	ҚҚА
8	"Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 68 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҚҚА бас-қармасының қаулысы	2005 жылғы желтоқсан	ҚҚА

**Ескерту** . Абревиатуралардың толық жазылуы:  
Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі  
ІІМ - Ішкі істер министрлігі  
Қорғанысмині - Қорғаныс министрлігі  
Әділетмині - Әділет министрлігі  
ҚҚА - Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі